

4 дәріс.

Қабылдау психологиясы

Жоспар:

1. Қабылдау туралы түсінік
2. Қабылдау түрлері
3. Қабылдаудың негізгі заңдылықтары

Қабылдау – ақиқат дүниедегі заттар мен құбылыстардың сезім мүшелеріне тікелей әсер етіп, тұтастай заттық түрде бейнеленуі.

Ал түйсік - сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының жеке қасиеттері мен сапаларының миымызда бейнеленуі.

ҚАБЫЛДАУДЫҢ ҚАСИЕТТЕРІ.

Константтылық.

Жағдайдың өзгергеніне қарамастан заттың адекватты қабылдануына мүмкіндік береді.

Біздің қабылдауымыз белгілі бір шектеуде қабылдаудың жағдайына тәуелсіз олардың көлемін, формасын, түрін заттан тыс сақтап қалады.

Заттылығы

Объект жеке физикалық дене болып кеңістікте және уақытта жекеленуі.

Бұл қасиет фигура мен фонның өзара байланысы кезінде анық көрінеді.

Заттың қасиеті, заттылығы затпен байланыс кезінде пайда болады, ол адамға қандай да бір қажеттілігін қанағаттандыру үшін қажет.

Тұтастығы.

Бейнелі түрде бөлшек пен бүтіннің ішкі органикалық өзара байланысы. Екі аспектісі:

- 1.Әр түрлі элементтерді біріктіру.
- 2.Оның құрамдас элементтерінің сапасынан құрылған бүтіннің тәуелсіздігі.

Апперцепция деп қабылдаудың адамның жалпы психикалық тұрмысы мен өткен тәжірибесінің мазмұнына байланыстылығын айтады.

Түрлі себептерге байланысты шындықтағы объектілерді қате қабылдауды *иллюзия* деп атайды.

- Кеңістікті қабылдау: заттардың формасын, көлемін, тереңдігін және алыстығын, бағытын қабылдау.

Уақытты қабылдау: бұл құбылыстар мен оқиғалардың ұзақтығы мен тізбегін бейнелендіру.

Қозғалысты қабылдау: бұл объектінің кеңістіктегі орны мен қалпының өзгерісін бейнелеу.

Бақылау сұрақтары:

1. Қабылдау анықтамасы және ол қарапайым процесс ретінде екенін дәлелдеңіз?
2. Қабылдаудың негізгі түрлерінің жіктемесін көрсетіңіз?
3. Қабылдаудың негізгі заңдылықтарын сипаттаңыз?

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі

1. Гиппенрейтер Ю.Б. Введение в общую психологию.- М., 2009.
2. Жақыпов С.М. Жалпы психология негіздері: дәрістер курсы. - Алматы, 2008.- 159.
3. Жақыпов С.М. Жалпы психологияға кіріспе. – Алматы, 2013.
4. Жарықбаев, Қ. Жантануға кіріспе. - Алматы: "ИНФОРМ - АРНА", 2009.- 187.